

Семей мемлекеттік медицина университеті

СӨЖ

Тақырыбы: Бибігүл Ахметқызы Төлегенова

Дайындаған: Гавриков
Игорь
119 топ, ЖМФ
Тексерген: Кулуспаева С.Б.

Семей 2014
жыл.


Өмірбаяны

- **Бибігүл Ахметқызы Төлегенова** (1929 жылы туған, Семей қаласы) — қазақ әншісі (лирикалық-колоратуралық сопрано), КСРО халық әртісі (1967). 1954 жылы Қазақ консерваториясын (Н. Самышинаның ән класы бойынша) бітірді. Ән айтуды көркем-өнерпаздар үйірмесінен бастады. Б. Төлегенованың әншілік талантын танып, оның өнер жолына түсуіне бағыт сілтеген әрі алғаш дәріс берген кеңес жазушысы Г.И.Серебрякова (сол кезде Семейде тұрған) болды. Б.Төлегенова еңбек жолын 1946 жылы Семейдің ет комбинатында жұмысшылықтан бастады. Бірсыпыра уақыт қазақтың опера және балет театрында істеді. 1965-1971 жылдары қазақ филармониясының әнші-солисі болды. 1971 жылдан Қазақтың опера және балет театрында еңбек етеді.



Шығармашылығы

- Б.Төлегенованың қайталанбас орындаушылық өнерінің қайнар бұлағы ең алдымен қазақтың халық әндеріне саяды. Әншінің алуан тақырыпты репертуарында қазақтың халық әндері ("Гауһар тас", "Жиырма бес"), Қазақстан композиторларының шығармалары (Хамидидің "Бұлбұлы", Брусировскийдің "Қос қарлығашы", Төлебаевтың "Еске алуы", Рахмадиевтің "Тарантелласы", Мұхамеджановтың "Көктем вальсі", Тілендиевтің "Кел еркем, Алатауыма"), сондай-ақ П.П. Чайковский мен С.В.Рахманиновтың романстары, Н.А. Римский-Корсаковтың операларынан ариялар және Батыс Еуропа сазгерлерінің (Доницетти, Григ, Шуберт) шығармалары да бар.



- Б.Төлегенова өзінің концерттік-орындаушылық өнерін шеберліктің жоғары сатысына көтеріп, классикалық дәрежеге жеткізді. Бұл тұрғыда ол "қазақ бұлбұлы" атанған К.Байсейітованың орындаушылық шеберлігін жалғастыруда. Төлегенова опера өнеріне де елеулі үлес қосып, Жібек (Брусиловскийдің "Қыз Жібегінде"), Гүлбаршын (Рахмадиевтің "Алпамысында"), Еңлік (Жұбановтың "Еңлік—Кебегінде"), Джильда, Виолетта (Вердидің "Риголеттосы" мен "Травиатасында") т. б. партияларды орындады. Б.Төлегенова өнері республика, одақ көлемінде ғана емес, бүкіл дүние жүзіне танылды. Гастрольдік сапармен Үндістан, Алжир, Египет, Сирия, Вьетнам, Польша, Чехословакия, Канада, Швеция, Франция, Италияда болып, өнер толғады.

Марапаттары

- КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1970) және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының (1960) лауреаты. 1957, 1958 жылдары Мәскеуде өткен өншілер байқауының лауреаты. VII-IX сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. Ленин ордені және Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған. Қазақстан Республикасы Президентінің Жеке Алтын белгісімен (1999) марапатталған. КСРО және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлықтарының, «Тарлан» тәуелсіз сыйлығының (2001) лауреаты. «Жыл адамы» атағын алған (2001). Қазақстан Жұлдыздар аллеясында Жеке жұлдызға ие (2002). «Орақ және балға» медалінің және Ленин орденінің ұсынылуымен қоса Социалистік Еңбек Ері (1991). Астана қаласының және Шығыс Қазақстан облысының құрметті азаматы.



Ленин ордені



Еңбек Қызыл Ту орденімен



ДИСКОГРАФИЯ жəне ФИЛЬМОГРАФИЯ

- **ДИСКОГРАФИЯ**

- 2002 - Сүйікті Андер

- **ФИЛЬМОГРАФИЯ**

- 1954 – «Дала қызы», реж. Шакен Айманов , «Казахфильм».

- 1957 – «Біздің сүйікті дәрігер», реж. Ш. Айманов, «Казахфильм».

- 1968 – «Ангел в тибетейке», реж. Ш. Айманов, «Казахфильм»,

- 2011 - " Балалық шағымның аспаны ", "Казахфильм", реж. Рустем Абдрашов.

- 2011 – «Алдар Көсе» ,реж. Дин Махаматдинов.

Б. Төлегенова президент апайдын Рөлінде



Отбасы

- *Бибігүл Төлегенованың* үш баласы бар
- Қыздары - Гүзел, Мәриямгүл; ұлы - Төлеген.

Қосымша ақпарат

- Саяси қайраткер ретіндегі идеалы - Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның болашағы туралы болжамы - «Қазақстанның жарқын да бақытты болашағына сенемін». Сүйіп оқитын әдебиеті - поэзия. Хоббиі - көрнекті өнер қайраткерлерінің және Саяси қайраткердің монографияларын жинау



Назарларыңызға
рахмет!

